

№ 145 орта мектеп

**«Мектеп /студент/ парламент» жобасының
жұмысы**



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



МАТРИЦА ДИФЕРЕНЦИАЛ
УСЛОВИЙ

КОМПЬЮТЕРНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
КАЗЫЛОВСКОЙ ОБЛАСТИ

EYUP, K.

王維仁、王維仁

09-03-2021

2. IG-KU/2

гетеро-Кызылорда 12

«Мектеп / студенттік парламент» жобасын ендіру туралы

Қызылорда облысы бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыс көлеміндегі барлық білім беру ұйымдарында «Мектеп / студенттік парламент» жобасы ендірілсін.
2. Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі атаумен жүзеге асырылған білім алушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп / студенттік парламент» жобасы ретінде қайта аталсын, жұмысы жандандырылсын.
3. Жобаны ендіру (білім бөлімдері мен барлық білім беру ұйымдары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б. жұмыстар) аудандық(қалалық) білім бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.
4. Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып(жаңартып) отыруы қамтамасыз етілсін.
5. Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету Қызылорда облыстық оқу орталығына (әдістемелік кабинет) жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары Б.Бердаулетовке жүктелсін.

Басқарма басшысы

А. ҚАСЫМОВА

000148

Бұйрық - 2446

09 қаурыз 2021 жыл

**«Мектеп парламенті»
жобасын ендіру туралы**

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі Қызылорда қаласы бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмысының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Қала көлеміндегі барлық білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» жобасы ендірілсін

Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі атаумен жүзеге асырылған білім алушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп парламенті» жобасы ретінде аталсын, жұмысы жандандырылсын.

Жобаны ендіру (барлық білім беру ұйымдары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б. жұмыстар) білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып (жаңартып) отыруы қамтамасыз етілсін.

Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне (әдістемелік кабинет) жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Е.Елдеевке жүктелсін.

Бөлім басшысы

Д. Баймурзаева



БҰЙРЫҚ
«31» 08 2022 ж.

ПРИКАЗ
№ 237

«Мектеп /студент парламент »
жобасын ендіру туралы

Мектеп бойынша білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыстарының бірізділігін қалыптастыру және тәрбие бағытындағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп көлемінде «Мектеп /студент парламенттік» жобасы ендірілсін.
2. Оқушылардың өзін-өзі басқарудың басқа да ұйымдарының жұмысы «Мектеп/студент парламент» жобасы ретінде қайта аталсын, жұмысы жандандырылсын.
3. Жобаны ендіру (мектеп бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жауаптыларды бекіту, орындалуын қадағалау және т.б жұмыстар) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
4. Атқарылған жұмыстарды насихаттау мақсатында мектептің әлеуметтік желідегі парақшасында орындалған жұмыстар жөнінде материалдарды тұрақты орналастырып (жаңартып) отыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
5. Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры

Б. Утегенов



«БЕКТЕМІН»
Бөлім басшысы
Д.Баймурзаева
5 ақпан 2022 жыл

Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарындағы Мектеп парламентінің
2022 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

- білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, жауапкершілік дағдыларын дамыту, шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, азаматтарды тәрбиелеу.

Міндеті:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру.
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

№	Тақырыбы	Мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп жаңалықтары	Мектептің ішкі жаңалықтары жайлы арнайы хабар түсіру	Арнайы хабар	Қаңтар	Ақпарат фракциясы
2	Сіз ғажапсыз, ұстазым	Мұғалімдермен тренинг өткізу	Психологиялық тренингтер	Қаңтар	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
3	Оқушы арасындағы коммуникация	Ашық есік күнін ұйымдастыру	Ашық есік күні	Қаңтар	Мектеп парламенті
4	Спорт және мен	Оқушылар арасында спорттық жарыс	Спорттық турнир	Қаңтар	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
5	Оқушы мен оқытушы арасындағы байланыс	Ұстаздар мен оқушылардың пікір алмасуы	Дөңгелек үстел	Ақпан	Дебат қозғалысы фракциясы
6	Депутаттар сессиясы	Мектеп парламенті депутаттарына арналған облыстық сессия	Сессия	Ақпан	Мектеп парламенті
7	Интеллектуалды сайыс	8-11 сынып оқушылары арасында ағылшын, орыс тілі пәнінен сайыс	Сайыс	Ақпан	Экология және еңбек фракциясы
8	Алғысым шексіз, бәріне	Мерекелік үн жолдау	Челлендж	Наурыз	Ақпарат фракциясы
9	«Ұранды елдің – ұрпағы қайсар»	Әскери патриоттық лагер өткізу	Лагер	Наурыз	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
10	Оқушы менеджменті	1.Өзін-өзі басқарудың маңызы 2.Мен Лидермін 3.Парламент-үмкіндіктер алаңы	Жастар орталығында жастар форумы	Наурыз	Мектеп парламенті
11	Шабыт	Өнер фестивалін өткізу	Фестиваль	Наурыз	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
12	Әлеуметтік байланыс	1. Кәсіби құзыреттілікке ие оқушы болу 2. Көшбасшы болу жолдары 3. Жағымды орта құру	Панельдік дискуссия	Сәуір	Мәдениет және өнер фракциясы
13	«Жасыл ел» жасақтары	Қайырымдылық акциясы	Акция	Сәуір	Қамқорлық (еріктілік) фракциясы
14	Саяхат	Туристік жорық ұйымдастыру	Экскурсия	Сәуір	Мектеп парламенті

15	Облыстық слет	Мектеп парламенті президенттеріне арналған облыстық слет	Слет	Сәуір	Мектеп парламенті
16	Облыстық форум	Мектеп парламентінің министрлеріне арналған облыстық форум	Форум	Мамыр	Мектеп парламенті
17	Жыл қорытындысы	Атқарылған жұмыстар бойынша мектеп парламентінің қорытынды отырысы	Жиын	Мамыр	Мектеп парламенті
18	Мектепке оралдық	Оқушылардың мектепке оралғандағы қуанышты көңіл күйлерін жеткізу	Вайн	Қыркүйек	Мектеп парламенті
19	Tower вышка	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 7 сыныптарға арналған	Олимпиада	Қыркүйек	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
20	Champion ship	5-6 сынып оқушыларына арналған математика пәнінен логикалық тапсырмалар	Олимпиада	Қыркүйек	Ақпарат фракциясы
21	Best Vine	Оқушылар комедиялық жанрда, астарлы мағына қалдыру негізінде вайн түсіреді	Вайнерлер сайысы	Қыркүйек	Мәдениет және өнер фракциясы
22	XXI ғасыр көшбасшысы	Интеллектуалдық ойын I кезең «Бәйге» II кезең «Полиглот» III кезең: «Кім жылдам?» IV кезең: «Жорға»	Зияткерлік байқау	Қазан	Экология және еңбек фракциясы
23	Интернет кітапті алмастыра ала ма?	Ұшқыр ой алаңы	Дебат	Қазан	Дебат қозғалысы фракциясы
24	Болашақ мектеп келбеті	- Тәжірибелі менеджерлер - Заманауи оқушы моделі - Табысты мектеп	Семинар	Қазан	Мәдениет және өнер фракциясы
25	Go, CHAMPION	Мектеп оқушылары арасында спартакиада өткізіледі.	Командалық жарыс	Қазан	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
26	I AM, VOLUNTEER	Еріктілер жасағы көмекке шығады	Акция	Қараша	Қамқорлық (еріктілік) фракциясы
27	«Менің құқықтарым- менің міндеттерім»	Жоғары сынып оқушылары құқықтық сауалдарға жауап береді	Блиц турнир	Қараша	Құқық және тәртіп фракциясы

28	IT оқырман	Тарих және география пәні мұғалімдерімен өткізіледі.	Ғылыми конференция	Қараша	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
29	Тәуелсіздікке 30 жыл	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында байқау	Эссе байқау	Қараша	Ақпарат фракциясы
30	Старосталар конференциясы	Облыстық білім беру ұйымдарының старосталарына арналған облыстық конференция	Облыстық конференция	Желтоқсан	Мектеп парламенті
31	«Сыныптастарың сенімен бірге»	Инклюзивті білім алатын оқушыларға бару	Қайырымдылық акциясы	Желтоқсан	Еріктілік фракциясы
32	Инновациялық ғылыми жобалар байқауы	5-11 сынып оқушыларына арналған	StartUp ғылыми жобалар байқауы	Желтоқсан	Дебат қозғалысы фракциясы



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру
ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың
бірінғай моделі



Я - ЗА
УЧЕНИЧЕСКОЕ
САМОУПРАВЛЕНИЕ

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында
«Мектеп парламент» білім алушылардың
өзін-өзі басқару органдарын дамыту
Тұжырымдамасы

ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

құқықтық мемлекет жағдайында
шығармашыл, бастамашыл, өзі және
қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын
еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті
адамды тәрбиелеу

балалар мен жастардың табысты
әлеуметтенуі мен өзін-өзі тиімді
жүзеге асыруы үшін жағдай жасау,
сондай-ақ білім алушылардың
туындайтын проблемаларды өз
бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер
жасау

ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗДЕМЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағы

Мектептерде, колледждерде Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері
жөніндегі

287 бала-республиканың
қалалары мен аудандарының өкілдері Комитетпен өзара іс-қимыл
жасайды (23.11.2020 ж. №69-н БҚК-н бұйрығы)

Оқушылардың Парламенті (өзін-өзі басқару)



- бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.



- оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

ПАРЛАМЕНТТІҢ МАҚСАТЫ

білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.


МІНДЕТТЕРІ

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру.
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту




МЕКТЕГІ ПАРЛАМЕНТІ: ҚҰРЫЛЫМЫ

ӨЗГЕРІСТЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ТҮЮТОРЛАРЫ



СЫНЫПТАҒЫ МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ӨКІЛДІГІ

СЫНЫПТЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

1

СЫНЫПТЫҢ ОМБУДСМЕНІ

2

ҚАМҚОРЛЫҚ (ЕРІКТІЛІК)
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

3

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

4

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАСПА
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

5

СПОРТ ЖӘНЕ СӨС
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

6

БАҚЫТ КОМИТЕТІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

7

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ДЕБАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

8

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

9

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК
КОМИТЕТІНІҢ ДЕПУТАТЫ

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУҒА ҚАТЫСУ



ДЕТИ
в школе

МЕКТЕП
ПАРЛАМЕНТІНІҢ
ПРЕЗИДЕНТІ

МЕКТЕПТІҢ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ӨКІЛДІК


МЕКТЕП КЕҢЕСІ

МЕКТЕПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

АЛДЫН АЛУ КЕҢЕСІ

ЖАЛПЫ МЕКТЕПТІК АТА-АНАЛАР КОМИТЕТІ



КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- ❖ адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы
- ❖ қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру
- ❖ білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту
- ❖ барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру

Оқушылар Парламентінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқушылар Парламенті – көшбасшы, қазақ тілін еркін меңгерген, 7-10 сынып аралығындағы арнайы сайлау арқылы таңдалып алынған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

1.2. Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады.

2. ОҚУШЫЛАР ПАРЛАМЕНТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Оқушылар Парламентінің мақсаты:

- Мектептегі оқу үдерісін демократияландыру;
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту;
- Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу;

2.2. Оқушылар Парламентінің негізгі міндеттері:

- Мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну;
- Мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылын жүзеге асыру;
- Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау;
- Мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту;
- Оқушылардың сабақтан тыс уақын тиімді пайдалануға ат салысу;

3. Оқушылар Парламентінің Функциялары

3.1. Парламент өз міндеттерін сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

3.2. Оқушылар өмірінің барлық бағыттарын үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлейді, қабылдайды және жүзеге асырады.

3.3. Мектеп оқушыларын әлеуметтік-құқықтық қорғауға қатысады.

3.4. Көрсетілген міндеттерге сәйкес басқа функцияларды орындайды.

4. Оқушылар Парламентінің функцияларын қорғау

- 4.1. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Оқушылар Парламенті:
- 4.2. Оқушылар клубын және оқушыларды іс-шараларға тарту;
- 4.3. Парламентке келіп түскен ақпаратты зерделеу, талдау және шешім қабылдау;
- 4.4. Мәселелерді тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

5. Оқушылар Парламентінің ұйымдастырушылық құрамы

- 5.1. Оқушылар Парламенті мынадай негізгі фракциялардан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы
2. Ақпарат фракциясы
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
5. Қамқорлық фракциясы
6. Мәдениет және өнер фракциясы
7. Дебат қозғалысының фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы

- 5.2. Оқушылар Парламентін қызметін Президент басқарады

- 5.3. Мектеп Президенті жалпы оқушылар арасында сайланады.

- 5.4. Жекелей Фракция бойынша бөлінеді, өзара фракция басшысы тағайындалады, ал міндеттер басқа мүшелер арасында таратылады.

6. Оқушылар Парламентінің сайлау реті:

- 6.1. 7-10 сынып аралығында әр сыныптан, қазақ тілін еркін меңгерген, қоғамдық жұмыстарға мүдделі 1 оқушы өтінім білдіреді. Оқушылар өз бағдарламаларын жасап ұсынады, бекітілген жағдайда мектеп-лицей сайтына жүктеледі. 7-10 сынып оқушылары дәстүрлі және онлайн форматта дауыс береді.

- 6.2. Парламент отырысын Президент басқарады, ал ол болмаған кезде – жауапты бір мүше басқарады.

- 6.3. Парламент жиналысы ашық өтеді.

- 6.4.6.5. Оқушылар Парламентінің шешімдерін жиналысқа қатысушылардың көпшілігі қабылдайды. Парламенттің мүшелерінің көпшілігі қатысқан және дауыс берген жағдайда жарамды болады. Кеңестің шешіміне Президент қол

қояды. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Парламент мүшесі пікірін жазбаша түрде табыс етуге құқылы.

6.6. Парламент жұмысын жақсы ұйымдастыру үшін әртүрлі БАҚ-тарды, әлеуметтік желілерді, соның ішінде Парламенттің қызметіне арналған стендтерді пайдаланады.

7. Оқушылар Парламенті мүшелерінің міндеттері:

7.1. Президент мектептегі Парламентті ұйымдастырады және мектеп жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.

7.2. Парламент мүшесі жиналысқа келе алмайтын жағдайды ескертуге міндетті, жиналыс кем дегенде 1 күн бұрын хабарлану керек.

7.3. Барлық Парламент мүшелері волонтерлік фракцияның құрамында болады.

7.4. Қоғамдық іс-шараларды белсенді ұйымдастырудан бөлек қатысу да міндеттеледі.

8. Қосымша

8.1. Парламент осы Ережеге түзетулер енгізу және бекітуге құқылы.

8.2. Бұл ереже мектеп директорының келісімі бойынша күшіне енеді.

"БІЗ- ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БАҚЫТТЫ ҰЛАНДАРЫ"

25 қазан- Республика күнінің қортынды концерттік бағдарламасы "Біз- тәуелсіз елдің бақытты ұландары" тақырыбында өтті. Мектепішілік өзін- өзі басқару ұйымының жетекшілері өткізген іс- шарада оқушылар Республика күнінің тарихынан сыр шертіп, өлең- жырларын арнады.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0BVnK85ntDZu9vWNf1N9FbyK9Cv34Vi6N9466QEQTXwLX8lsqltEQ6pPVLWC8Sj17l>



"ЦИФРАНДЫРУ КҮНІ"

Цифрландыру күніне орай 2022 жылғы 21 қазан күні еgov порталымен жұмыс жасау бойынша 10-11 сынып оқушыларына информатика пәнінің мұғалімдері түсіндірме жүргізді.

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге көшу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнатуды жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру, оларды электронды форматқа көшіру жұмыстарын дамыту шаралары жалғасуда. Бүгінге дейін жұртшылыққа ыңғайлы бірқатар жобалар іске асып та үлгерді.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0hnePjdrQjjwDyTwed7Uz9BrQQJyCSVabNfwsSe726uooCJkSqbYQYiVyLX8FXRwHl>



"ECO ALEM"

№ 145 "Бірқазан" орта мектебінде 10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен, оқушылардың экологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында "Есо Alem" үстелдік эко- ойыны өткізілді. Қоршаған ортаны қорғауды көздейтін ойын барысында оқушылар үлкен белсенділік танытып, өздерінің танымдарын кеңейтті.

Жетекшілер: А.Елкеева, Г.Көпенова

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0cNzcKaFgTZXqhstVRfaikt2cB7RBy8mom69JjHmR91XtRvCPW6uCMWpZd8G8XrXI>



"ЖОЛ АПАТЫ НЕДЕН ШЫҒАДЫ?"

7 қазан, 2022 жылы № 145 "Бірқазан" орта мектебі өзін-өзі басқару ұйымы, "Мектеп парламенті" жобасы бойынша мектеп Президенті Ерсұлтан Әбдікер бастауыш сынып оқушылары арасында жол-көлік оқиғаларының алдын-алу мақсатында "Жол апаты неден шығады?" тақырыбында дәріс-сабағын өткізді. Сабақ барысында оқушыларға жол-көлік оқиғаларының алдын-алу бағытындағы бейнероликтер көрсетіп, түсіндірме жұмыстарын көрсетті.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0Pcsocrmw4SxR761k5bX5uYoH7gUYy2i7ydzU23AymcyHULrBaH48HVvNfbdE9jZul>



"ҰСТАЗҒА МЫҢ ТАҒЫМ!"

Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән-мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. «Жақсы мұғалім—мектептің жүрегі»— деген Ы.Алтынсарин атамыз. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар. Ол-ұстаз! Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат етудің өзі бір үлкен күш, сондықтан да ұстаздың еңбегі — ұлы еңбек.

Бүгін мектебімізде ұстаздар күніне орай «Ұстаз –ұлы есім» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. Мерекелік шараға А.Дайрабаева және А.Қойшыбаева сынды ардагер ұстаздарымыз қатысып, оқушыларымыздың дайындаған өнерлерін тамашалады. Айтулы шарада ҰСТАЗ сөзінің мазмұны мен қоғамдағы жоғары рөлі жайлы керемет ойлар айтылып, оқушыларымыздың әзіл жырлары мен әуелете соққан әсем әуендері көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Мектеп директоры Б.Қонысбайұлы ұстаздарымызды мерекелерімен құттықтай келе, бірқатар мұғалімдерді Қалалық білім бөлімінің және Облыстық кәсіподақ ұйымының құрмет грамотасымен марапаттады.

« Ұстаз» сөзі қасиетті сөз. Ендеше осы сөздің қадірін бағалап, мәртебесін арттыра берейік. ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0SA5JEea6vALykvGQaYHNQH8s1yiGYuPomMHSLijsAaA8Qi3pntBsKEXHRRyrD9hal>

«Жас тұлпар» дебат клубы

№145 орта мектебі жанынан құралған «Жас тұлпар» дебат клубының мүшелері арасында қыркүйек айының 30-да дебат сайысы өтті. 8 - 9 сынып оқушылары арасында Б.П ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауына өзгеріс енгізілгенін қолдайды» тақырыбында пікірсайыс жүргізілді. Мақсаты: -Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып-толғануға көмектесу;
-Білім алушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
-Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;
-Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру;
«Ақиқат» және «Көшбасшылар» фракциялары дискуссияда жан-жақты, нақты деректерге негізделген ақпарат ұсына алды. Тақырыпқа қатысты дәлелдер логикалық, сауатты, орынды бола білді және жан- жақты талдау жасай алды. Пікірсайысқа қатысатын адамдардың мақсаттарының бірі - мүмкіндігінше көбірек адамдарды тақырып бойынша ұстанымына немесе көзқарасына сендіру, сондықтан қатысушылар әр аргументті тиімді және ақылды түрде ұсына білді. Нәтижесінде "Үздік спикерлер" анықталып, қатысушылар арнайы мадақтамалармен марапатталды. Дебат клубының жетекшісі Қоңырбаева Әсем «Жас тұлпарларға» алдағы ойындарда сәттілік тілейміз!

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0U1KU9finaUpGBDpR1Z2KVvaG6PMRQAGBggVfu57NSA6yM8w53NHpjA7smPHKxDN7I>



"ДУБЛЬЕР КҮНІ"


№ 145 "Бірқазан" орта мектебінде Ұстаздар күніне орай "Дубльер күнін" өткізді.

◆ тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу;

◆ оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру;

10 сынып оқушысы Мамырханова Ботагөз **5** сынып оқушыларына ағылшын тілі пәнінен "My home" тақырыбында дәріс өткізді.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0pdVnaFhBAubruapW5bdDmjV8Bj9WJmMd15U6CZLmgKaMA3DyGeTjM7GUTiwRSgfTl>



М.ӘУЕЗОВ-125 БІЛІМ ДАРИЯСЫНЫҢ КЕМЕҢГЕРІ

Биыл қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл.

Артына мол мұра қалдырған заңғар жазушының шығармашылығын насихаттау мақсатында бүгін 7-сынып оқушылары мектеп кітапханасында жазушының шығармаларымен танысып, әңгімелерін оқудан челлендж өткізуді жоспарлауды қолға алды.

"Абай жолындай" тамаша туындыны дүниеге әкеліп, жер-жаһанға қазақтың қасиетті болмысын, асқақ мәдениетін, терең философиясын Абайдай кемеңгер тұлға арқылы ашып берген М.Әуезовтің қаншама уақыт өтсе де маңыздылығын жоймайтын өшпес еңбектерінен әлі талай ұрпақ жігерін жанып, баба сөзінен тамыр жайып, бой түзері анық.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0z1ujHngnvzwko6BtLKDPWsGnVjREnuCvtUSkPhi1knVetre3kWLhjGYW6Guaqva5l>



"ТІЛ ТҰНЫҚ ОЙДЫҢ КӘУСАРЫ!"

5 қыркүйек- "Қазақстан халқы тілдері мерекесіне" орай № 145 "Бірқазан" орта мектебіні оқушыларының ●●● мерекелік бейне құттықтауларын қабыл алыңыздар!

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0YKr4sMSgRErff1cQjzvy9CGhw5hFqUPMhonpJBWVeWxLA5E4YbxnDSwgmetDACH4I>

"ТУҒАН ТІЛІМ- ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ"

№145 "Бірқазан" орта мектебінде "Қазақстан халықтарының тілдер мерекесіне" орай іс -шаралар жалғасын табуда. Мектеп кітапханашысы А.Дайрабаеваның ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында мерекеге орай арнайы бұрыш ұйымдастырылып, оқырмандарға жаңа әдеби туындыларды ұсынды.

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid029KdH7Nazw9HzibFXKknaardkLgYQbmdwHZD9CmEBxWFQuxSGsVgdAGdif9SDAxh2l>



1 ҚЫРКҮЙЕК- БІЛІМ КҮНІ

№ 145 "Бірқазан" орта мектебінде дәстүрлі Білім күніне арналған "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыбындағы салтанатты жиын және ашық сабақтар өткізілді.

Салтанатты жиынның қонақтары "Белкөл" кентінің әкімі Сәду Жасұлан Хабидуллаұлы мен ауыл, мектеп ардагерлері 1 сынып аттағалы тұрған шәкірттерді, ұстаздарды және ата-аналарды Білім күнімен құттықтап, жетістікке жеткен ұстаздарға алғыс хаттарын табыстады.

Келіп жеткен жаңа оқу жылы табысты, шәкірттеріміз биіктерден көріне берсін!

<https://www.facebook.com/mektep.birkazan.1/posts/pfbid0fVHK4JTMwM8TbDUSwCXCrYMuFE3wvm97KbEo9tSxZjPUV4Z3lwzVD5BnZTJyyoqpl>

